

АТЫ-ЖӨНІҢІЗ КІМ?

1. Тыңдаңыз, есте сақтаңыз.

аты

тегі

ұлты

мамандығы

отбасылық жағдайы

2. Тыңдаңыз, есте сақтаңыз.

Аты-жөніңіз кім?

Тегіңіз кім?

Ұлтыңыз кім?

Атыңыз кім?

Мамандығыңыз кім?

Отбасылық жағдайыңыз қалай?

Әлеуметтік жағдайыңыз қалай?

*Сәлеметсіз бе!
Сәлеметсіздер ме!
Қош келдіңіз!
Сау болыңыз!
Кездескенше!*

*Отбасылық
жағдайы
үйленген
тұрмыста
бойдақ
ажырасқан*

3. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

Үлгі: Сіздің бала+ңыз

- ңіз

- ңыз

- іңіз

- ыңыз

Сіздің

аты _____
 тегі _____
 мамандық(ғ) _____
 ұлты _____
 анықтама _____
 сенімхат _____
 жеке куәлік _____

Сіздің

қолхат _____
 келісімшарт _____
 лауазым _____
 өтініш _____
 құжат _____
 төлқұжат _____
 әлеуметтік жағдай _____

4. Сұрақтарға жауап жазыңыз.

- Отбасылық жағдайыңыз қалай?

- Тегіңіз кім?

- Аты-жөніңіз кім?

- Мамандығыңыз кім?

- Ұлтыңыз кім?

- Әлеуметтік жағдайыңыз қалай?



5. Тиісті жалғауларды жазыңыз.

I жақ.

Менің (-ым, -ім, -м)

Менің ат _____

Менің ұлт _____

Менің тег _____

Менің мамандық _____

Менің жұмыс _____

Менің жеке куәлік _____

Менің құжат _____

Менің лауазым _____



6. Сұқбатты тыңдаңыз, бос орындарды толықтырыңыз.

Сәлеметсіз бе!

Қайырлы күн! _____
Мақсат Жомартұлы.

Қандай _____
келдіңіз?

Жеке _____
бар ма?

Маған _____
керек.

Міне _____

